

**Экология-биологиялық бағытта балаларға қосымша білім беруді
дамыту сұрақтары бойынша Республикалық үйлестіру кеңесінің
ұсынымдары**

2016 жылғы 13 маусым

Алматы қаласы

«Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясы мен «Ұрпақ +» мәдени-білім беру жобасын іске асыру жағдайында экология-биологиялық білімді дамытудың тиімді моделін құру білім беру технологияларының ең тиімдісі болып табылады.

Республикада 16 мыңнан астам бала қамтылған жас экологтар мен натуралистердің 18 станциялары мен орталықтары бар, ал мектеп жанындағы экология-биологиялық үйірмелерде 70 мыңнан астам оқушы тәлім алады.

Экология-биологиялық бағытта балаларға қосымша білім беру бейресми білім берудің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Отырыс барысында қатысушылар заманауи экология-биологиялық бағытта қосымша білім және жалпы орта білім беруді кіріктіру, жас натуралистер және биологтар орталықтары мен станциялардың материалдық жабдықталуы, білім алушылардың төмен қамтылуы мәселелері анықталды. Экология-биологиялық бағытта педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларын жаңарту қажеттілігіне ерекше көңіл бөлінді.

Үйлестіру кеңесіне қатысушылар экология-биологиялық білім беру рөлінің артуын ескере отырып, мынаны ұсынады:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне:

1. Павлодар қаласындағы Балалар мен жасөспірімдер экология және туризм орталығының (директоры - Л.А. Вольф); Алматы қаласындағы Жас натуралистер станциясының (директоры - З.Ә.

Аришева); Орал қаласындағы облыстық эколого-биологиялық орталықтың (директоры - Ф.Г. Кержикова); Семей қаласындағы облыстық экология-биологиялық орталықтың (директоры - В.Н. Дядов), Өскемен қаласындағы оқу-зерттеу экобиоцентрдің (директоры - А.П. Цыганов); қызметі тәжірибесін зерделеп жинақтау.

2. Білім алушыларға экологиялық білім және тәрбие беру саласындағы алдыңғы қатарлы тәжірибенің таралуын біліктілікті арттыру курстарын, семинарлар мен шеберлік сыныптар, дөңгелек үстелдер мен on-line конференциялар ұйымдастыру арқылы қамтамасыз ету.

3. Экология-биологиялық бағытта педагогтер үшін біліктілік арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын жалғастыру.

Білім беру басқармаларына:

1. Жас биологтар мен натуралистер орталықтары және станциялары жүйесін кеңейту, экология-биологиялық бағытта үйірмелер санын көбейту, алдағы уақытта қамтылған оқушылар санын арттыру мүмкіндігін қарастыру.

2. Жас биологтар мен натуралистер орталықтары мен станциялардың материалдық-техникалық және ақпараттық базасын күшейтуді жалғастыру. Жылыжайлар мен үй жанындағы телімдерді, мұражайларды және т.б. құру мүмкіндіктерін қарастыру.

3. Білім алушылар үшін экологияландыру шараларын өткізу арқылы қосымша білім беру ұйымдарындағы экология-биологиялық бағыттың дамуына ықпал ету.

4. Экология-биологиялық бағытта қосымша білім беретін педагогтердің алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибесін зерделеп жинақтау және тарату.

5. Экология-биологиялық бағытта балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың байқауын өткізуді іс жүзіне асыру.

6. Заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде құрылған педагогикалық жаңашылдықтарды марапаттау.

7. Экология-биологиялық қосымша білім беру жүйесін ақпараттық қамсыздандыруға ықпал ету: жас биологтар мен натуралистердің әр орталығынла, станциясында сайт ашу.

8. Экологиялық мәдениетті, білім алушылардың қоршаған ортаға эстетикалық қарым-қатынасын қалыптастыру мәселелері бойынша ЖОО-мен, білім беру, мәдениет және басқа да әлеуметтік ұйымдармен алдағы уақытта әлеуметтік серіктестікті қамтамасыз ету.

9. Экология-биологиялық бағыттағы қосымша білім беру бағдарламаларын қолдауды жүзеге асыру.

Республикалық үйлестіру кеңесінің мүшелеріне, жас экологтар мен натуралистер орталықтары мен станциялары басшыларына:

1. Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдері мен «Ұрпақ +» мәдени-білім беру жобасын, 2015-2020 жылдарға арналған үш тілде оқытудың Жол картасын іске асыруды есепке ала отырып, жас экологтар мен натуралистер орталықтары мен станциялардың жұмыс жоспарына түзетулер енгізу.

2. Эколого-биологиялық бағытта іс-шаралар өткізуде білім беру ұйымдарына көмек көрсету.

3. Балалар мен жастарды экология-биологиялық бағытта конференциялар, семинарлар, көрмелер және қалалық, аудандық, республикалық маңызы бар шараларға тарту жұмыстарын белсендіру.

4. Балалардың ұйымдастырылған топтарына өз өңірлерінде этногеографиялық туристік бағдарлар мен экологиялық экспедициялар ұйымдастыру.

5. Су, жер, биоресурстарын, жасыл алқаптарды, аса қорғалатын табиғи аумақтарды ұқыпты қолдануды насихаттау мақсатында

әлеуметтік маңызы бар акциялар, экологиялық жобалар, жазғы бейіндік экологиялық мектептер ұйымдастыру жұмыстарын жалғастыру («Менің кіші отаным: табиғат, мәдениет, этнос», «Өз жерімізді сақтайық: мейірімді істер жазбасы», «Мейірім отын жақ» және т.б.).

6. Биоәртүрлілік, этноэкология, ресурс үнемдеу технологиялары мен энергия үнемдеуді зерделеу бойынша инновациялық, авторлық бағдарламаларды, балалардың ғылыми-зерттеу жобаларын «Экоәлем» журналына, сондай-ақ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының, жас экологтар мен натуралистер орталықтары және станцияларының сайттарында орналастыруды қамтамасыз ету.

7. Жаңа 2016-2017 оқу жылындағы бес күндік оқу жағдайында экология-биологиялық бағытта қосымша білім беру жүйесіне өскелең ұрпақты тарту механизмдерін анықтау.

8. Балалар мен жастардың экология-биологиялық білімін дамыту, олардың өзін өзі кәсіби анықтауы бойынша колледждер, жоғары оқу орындары, кәсіпорындар, бизнес-құрылымдармен өзара әрекетесу.